



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

stydent jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№25 (450) 30 мамыр,
2025 жыл

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Қытайда өткен халықаралық білім беру көрмесіне қатысты

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының орталығы – Үрімжі қаласында алғаш рет «Study in Kazakhstan» халықаралық білім беру көрмесі өтті. Ауқымды шара ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен, Орталық Азия мен Қытай елдері білім министрлерінің алғашқы кездесуі және Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің білім министрлерінің 9-отырысы аясында ұйымдастырылды.



Көрмеге Қазақстанның 16 жетекші жоғары оқу орны қатысып, олардың қатарында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті де болды. Университетіміз көрме аясында білім беру саласындағы халықаралық байланыстарды кеңейту және инновациялық серіктестік орнату мақсатында белсенді жұмыс жүргізді.

Іс-шара барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Орталық Азия мен Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарымен ғылыми-білімдік ынтымақтастық туралы маңызды келісімдерге қол қойды. Атап айтқанда, Синьцзян педагогикалық университеті (ҚХР), Гонконг педагогикалық университеті (ҚХР), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан), Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті (Қырғызстан), және Науаи мемлекеттік университеті (Өзбекстан) сынды беделді білім ордаларымен стратегиялық әріптестік орнатылды.

Келісімнің негізгі бағыттарына бірлескен ғылыми жобалар мен гранттық бағдарламаларды жүзеге асыру, халықаралық конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру, оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, инклюзивті білім беру, STEAM-технологияларды енгізу және білім берудегі цифрландыруды дамыту жатады.

Аталған ынтымақтастық заманауи педагогикалық зерттеулерді ілгерілетуге, тәжірибе алмасуға және жаһандық білім беру кеңістігінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Келісім екі жыл мерзімге жасалып, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.



ҚАСІРЕТ ПЕН ТАҒЗЫМ КҮНІ

Әр ұлттың тарихында қайғыға толы күндер болады. Қазақ халқы үшін 31 мамыр – сондай зұлмат жылдардың зары мен зардабын еске түсіретін қасиетті де қаралы күн. Бұл күн – саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықтың жазықсыз құрбандарын үнсіз еске алу, тағзым ету күні. Бұл күн – көзге көрінбейтін, бірақ жүрекке мәңгі өшпестей із қалдырған тарихтың қаралы беттері.

Ауыр жылдардың сарыны бүгінгі тыныштықта естілмейтіндей. Бірақ ол үнсіздік – ішке жиналған шаншулы шындықтың, халқымыздың кешкен тағдырының көрінісі. Біз бұл күнді ұмытпауымыз керек, себебі ұмытылған тарих – қайталанатын қателік.

1931–1933 жылдары қазақ даласын қара бұлт басып, ел аштықпен арпалысты. Кеңестік жүйе күштеп ұжымдастыруды бастап, мал-мүлкімен күнелтіп отырған көшпелі қазақтарды отырықшыландыруға тырысты. Қазақ үшін төрт түлік – тіршіліктің тұтқасы, ел мен жердің иесі болатын. Сол байлық қолдан тартып алынып, халық азықсыз, тіршіліксіз қалды.

Нәтижесінде 2 миллионнан астам қазақ қаза тауып, жүздеген мың адам жан сауғалап Қытай, Иран, Моңғолия, Ресей, Түрікменстан мен Өзбекстанға босып кетті. Бұл ашаршылық – табиғат апаты емес, қолдан жасалған қырғын еді. Кеңес үкіметі өз халқының қанымен келешек құрғысы келді.

Ең ауыры – сол жылдары қаза тапқан қаншама адамның есімі тарихқа енбей, көмусіз қалған мәйіттер, иесіз зираттар үнсіз қалды. Бүгінгі ұрпақ сол үнсіз қабірлер алдында іштей тізе бүгіп, тағзым етуге тиіс.

1937–1938 жылдары кеңестік репрессияның қанды шенгелі қазақ даласын да айналып өтпеді. «Халық жауы» деген бір ауыз жала мыңдаған адамның өмірін жалмады. Олардың көпшілігін елдің ертеңі болуға тиіс зиялы қауым өкілдері, оқыған азамат-

тар, елдің сөзін сөйлеп жүрген қайраткерлер құрады.

Бұл — Алаш арыстарының қаны төгілген, армандары тұншыққан кезең еді. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов сынды тұлғалар сол зұлматтың құрбаны болды. Олар қазақ халқының рухын көтеруді мақсат тұтқанымен, кеңестік жүйе оларға «ұлтшыл», «сатқын» деген айып тақты.

Қуғын-сүргін құрбандарының саны — ресми дерек бойынша 100 мыңнан астам, соның ішінде 25 мыңнан астамы атылған. Бұл – әр ауылда қалған аналардың көз жасы, жетім қалған балалардың үнсіз өкініші, жарынан айрылған әйелдердің жүрегіндегі мұң.

31 мамыр – еске алу күні ғана емес, тағылым алу күні. Бұл — өткеннен сабақ алып, әділетті болашақты құруға үндеу. Бұл — ұлтқа жасалған қиянатты мойындап, ендігі жерде елдің еркіндігі мен бірлігін сақтауға серт беру.

Сталиндік қуғын-сүргін мен ашаршылықтың құрбандары – тек өткеннің елесі емес, олар – қазіргі азаттығымыздың іргетасы. Біз бүгін еркін өмір сүріп, ой еркіндігін, сөз бостандығын пайдаланып отырсақ, бұл солардың арманының жүзеге асқаны.

Тарих – құрғақ мәліметтер жиынтығы емес, ол – жанымыздың түкпірінде сақталған жады. 31 мамыр – біздің рухани тұрғыда тазартатын, өткенге салауат айтып, болашаққа үмітпен қарауға жетелейтін күн.

Ендеше, бұл күн – үнсіз жылаған ұрпақтың үніне құлақ түру, тарихқа тағзым ету, азат ел болу жолындағы құнды естелікті сақтап қалу. Ұрпағы өткенді ұмытпаса – ұлт мызғымайды. Біз – сондай ұрпақ болуға тиіспіз.

Амандық ДӘРІБАЙ,
Т-24-1 оқу тобының студенті

Білім саласындағы халықаралық кездесу

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде халықаралық әріптестік аясында кездесу өтті. Қытай Халық Республикасының Ақтөбедегі Бас консулы Го Ю, консул Чжан Шэнпэн, атташе Цзоу Сяоянь университетке ресми сапармен келді.

Жиынға Басқарма төрағасы – Ректор Бейбіткүл Каримова, Академиялық мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі – проректор Дана Абдрашева, Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева қатысты.



Кездесу барысында қос тарап білім, ғылым және мәдени байланыстарды кеңейту, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту және жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Мұндай бастамалар студенттер мен оқытушылардың тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді. Алдағы уақытта аталған бағыттар бойынша екіжақты серіктестікті жаңа деңгейге көтеру мақсатында нақты жобалар мен іс-шараларды іске асыру

АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖАСТАР ФОРУМЫНА УНИВЕРСИТЕТ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ

Семей қаласындағы Shakarim University-де Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен «Абайдың “Толық адам” ілімі: ұлттық құндылықтар мен заманауи көзқарас» атты Республикалық жастар форумы өтті.

Ауқымды шараға еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жастар мен білім саласының өкілдері қатысып, руха-

көш бастап келе жатқан оқу ордасы форум арқылы тағы бір мәрте өз беделін айқындай түсті.

Форум аясында қатысушыларға арнайы тарихи-танымдық бағыттағы экскурсия ұйымдастырылды. Делегация ең алдымен Күшікбай батырдың мемориалдық кешеніне барып, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Мұхтар Әуезовтің ізі



ни даму мен ұлттық тәрбие төңірегінде мазмұнды пікір алмасты. Форум аясында белсенділігімен ерекше көзге түскен қатысушылар ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің Алғыс хатымен марапатталды.

Марапат иелерінің қатарында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі Басқарма мүшесі – проректоры Жандос Базартай мен университетіміздің белсенді студенттері Ғани Қуанышбеков пен Аяулым Ермекбаева бар.

Бұл жетістік – Қорқыт Ата университетінің жас ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу жолындағы табанды еңбегінің көрінісі. Білім мен тәрбиені қатар ұштастырып, ұлттық құндылықтарды ұлықтау ісінде

қалған Күшікбай бұлағынан дәм татты.

Сапар барысында жастар ұлы жазушы М.Әуезовтің туған жері – Бөрілі ауылына барып, әдебиет майталманының музей-үйінен мол рухани әсер алды.

Экскурсияның келесі бағыты – қазақ әдебиетіндегі мәңгілік махаббатты бейнелейтін «Еңлік-Кебек» ескерткіші болды. Сонымен қатар қатысушылар ұлы ақын Абай Құнанбайұлының дүниеге келген жері – Сырт Қасқабұлаққа барып, домбыра бейнесінде бой көтерген ескерткіш жанында естелік суретке түсіп, ұлттық мұра мен тарихи тағылымның мәнін терең сезінді.

Айта кетейік, форум Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын заманауи көзқараспен зерделеуге және жастар арасында ұлттық тәрбиені насихаттауға бағытталған.

ҒЫЛЫМ МЕН СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ЗЕРГЕРІ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы ұлт руханиятының өркендеуіне зор үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар, салалық марапаттар мен атаулы сыйлықтар табыстады.

Салтанатты шарада Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бас редакторы, публицист, этнограф, жазушы Қали Омаров облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығымен марапатталды.

Қаламгердің 9 кітабы (Тектілер тағылымы, Таным мен пайым, Қызылорда облысындағы эпиграфикалық мұралар, т.б.) жарық көріп, 550-ден астам ғылыми, танымдық, публицистикалық мақалалары, очерктері мен эсселері республикалық

газеттер мен журналдарда, бірнеше ғылыми жинақтар мен энциклопедияларда жарияланған. Сонымен қатар, ол 83 кітап пен ғылыми жинақтың редакторы, 17 кітап пен ғылыми-танымдық басылымның құрастырушысы. Оның ішінде СЫР ЕЛІ энциклопедиясы да бар.

Қали Әбдіұлы қоғам алдындағы еңбегі үшін мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Ахмет Байтұрсынұлы», «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталған. Еліміздің руханиятына үлес қосып келе жатқан қаламгер, ғалым әлі де жаңа биіктерді бағындыра береді деп ойлаймыз. Марапатыңыз құтты болсын!



STUDY IN KAZAKHSTAN: ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ – ЦИФРЛЫ ДӘУІР КӨШБАСШЫСЫ

Білім – болашақтың іргетасы. Осы жолда жас ұрпақтың кәсіби бағдарлануына серпін беру мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институты еліміздің ірі қалаларында және шетелде өткен «Study in Kazakhstan» халықаралық білім көрмесіне белсенді қатысты.

Жасанды интеллект – болашақтың кілті

Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды, Түркістан, Тараз, Өскемен, Семей, Ақтөбе, Ақтау, Атырау қалаларында өткен көрме барысында мектеп оқушыларына жасанды интеллект саласының болашағы, жаңа технологиялар мен заманауи мамандықтар туралы жан-жақты ақпарат берілді. Көрме аясында:

- Жасанды интеллект саласының мәні мен қоғамдағы рөлі түсіндірілді;
- Институттың оқу бағдарламалары мен AI бағытындағы мамандықтары таныстырылды;
- Зерттеу жобалары, қос диплом бағдарламалары, академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері ұсынылды;

Талапкерлерге IT саласындағы заманауи мүмкіндіктер мен еңбек нарығындағы сұраныс туралы мәлімет берілді. Жасанды интеллект – бүгінгі таңда тек технология емес, өмір салтына айналып келе жатқан сала. Бұл бағытта білім алу – болашаққа батыл қадам басу деген сөз.

Қорқыт Ата университеті тек ірі қалалармен шектеліп қоймай, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары мен Байқоңыр қаласындағы мектеп түлектерімен де кездесу ұйымдастырды. Бұл кездесулерде талапкерлерге:

- Университеттің оқу бағыттары,
- Гранттар мен жеңілдіктер жүйесі,
- Қос дипломдық білім беру және академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы кең ауқымды мәлімет ұсынылды.

Білімге құштар ауыл баласы да үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізуі үшін осындай кездесулердің маңызы зор.



Баян-Өлгей – бауырлас жұртпен байланыс

27–28 наурыз күндері Отандастар қорының қолдауымен Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында білім көрмесі өтті. Қорқыт Ата университетінің өкілдері қандас оқушылармен және ата-аналармен кездесіп, еліміздің жоғары оқу орындарындағы мүмкіндіктермен таныстырды. Қос диплом, гранттық жүйе, халықаралық ұтқырлық және Жасанды интеллект институтының ерекшеліктері кеңінен түсіндірілді.

Өзбекстандағы жаңа бағыт

5–8 мамыр күндері Шыршық және Зарафшан қалаларында өткен көрмеде Қорқыт Ата университетінің өкілдері тағы бір мәрте айқын мақсатпен – кәсіби бағдар жұмыстарын

жүргізді. Өзбекстандағы қандастарға да еліміздегі жоғары білім беру жүйесі, инновациялық бағыттар мен халықаралық бағдарламалар бойынша ақпарат берілді.

Қорқыт Ата университетінің Жасанды интеллект институты — тек білім беру орны ғана емес, ол – технологиялық серпіліс орталығы, заманауи ойлау мен зерттеудің ұясы. Осындай көрмелерге қатысу арқылы институт еліміздің және шет елдегі талапкерлерге ғылым мен технологияға негізделген болашақтың жолын айқын көрсетіп отыр.

Қазақ жастары қайда болса да — білімге, дамуға, биікке ұмтылуға лайық. Қорқыт Ата университеті сол жолда сенімді серік болуға әзір.

ШЫМКЕНТТЕ ОҚУШЫЛАРҒА БОЛАШАҚҚА ЖОЛ КӨРСЕТКЕН ФОРУМ ӨТТІ

Жуырда Шымкенттегі «Қызғалдақ» мәдениет сарайында оқушыларға кәсіби бағдар беруге арналған республикалық форум өтті. «Таңда! Өзгер! Жасапаз бол!» атауымен өткен ауқымды іс-шараға еліміздің әр түкпірінен келген білім саласының мамандары, жоғары оқу орындарының өкілдері мен 2100-ден астам мектеп оқушысы қатысты.

Форумның басты мақсаты – жас буынды еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстыру және болашақ таңдауына бағыт-бағдар беру. Шымкент қаласы әкімдігінің бастамасымен өткен жиын оқушыларға ғана емес, ата-аналар мен ұстаздар үшін де маңызды пікір алаңына айналды.

Форум аясында өткен кәсіптер көрмесі мен ақпараттық жәрмеңке – оқушылар үшін кәдімгідей көзбен көріп, қолмен ұстайтын мүмкіндікке айналды. Жоғары оқу орындары мен колледж өкілдері арнайы стендтер құрып, түрлі мамандықтар туралы түсінікті әрі қызықты форматта ақпарат берді. Оқушылар әрбір мамандықтың ерекшелігін біліп қана қоймай, өздеріне сәй келетін бағытты анықтау үшін кәсіби бағдар тестін де тапсырып көрді. Ал мотивациялық сессиялар мен тренингтер жас түлектердің сенімін оятып, өз болашағына жаңаша көзқараспен қарауға түрткі болды.

Мамандық таңдау – тағдыр таңдауымен тең

Пленарлық отырыста алғашқы болып сөз алған Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек форумның маңыздылығына тоқталды.

– Бұл форум – өскелең ұрпақтың болашақта дұрыс мамандық таңдауына жол ашу мақсатында арнайы ұйымдастырылып отыр. Дана халқымыз “Жар таңдауда және жол таңдауда жалтандауға болмайды” дейді. Қазір сіздер таңдайтын мамандық – ертеңгі тағдырларыңыздың қалай қалыптасатынына тікелей әсер етеді. Сондықтан бұл мәселені әрбіріміз терең түсінуіміз керек, – деді ол.

Саналы таңдау – сандық дәлел

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің кеңесшісі Руслан Емелбаев форумда сөйлеген сөзінде оқушылардың мамандықты жүрек қалауымен емес, грантқа қарап таңдайтынын тілге тиек етті.

– Мемлекет басшысы жоғары сынып оқушыларының мамандықты саналы түрде таңдауы керектігін әрдайым айтып келеді. Жастар тек гранттың артынан емес, жүрек қалауына сүйенсе отырып, кәсіби білім алуы керек. Өкінішке қарай, бізде мектеп түлектері көбіне қай мамандыққа грант көп бөлінсе, соған қарай жүгіреді. Бұл – теріс үрдіс, – деді ол.

Спикер келтірген статистикаға сүйенсек, 2025 жылы 216 мың талапкер 399 мың өтініш берген. Ең көп таңдалған пән комбинациясы – математика-физика (35,6 мың, 16,5%), одан кейін биология-химия (33,6 мың, 15,6%) және шығармашылық емтихан (26,4 мың, 12,2%). 2024 жылы бұл көрсеткіш 181 мың талапкер мен 326 мың өтінішті құраған. Үштік сол күйі сақталған: математика-физика (29,9 мың, 16,3%), биология-химия (29 мың, 16,1%), шығармашылық емтихан (22,7 мың, 12,6%).

– Жыл сайын мектеп бітірушілер саны артып келе жатыр. Ал таңдау үлгілері бір бағытқа шоғырланып, еңбек нарығының нақты қажеттілігін ескере бермейді. Сондықтан біз жастарға ертерек кәсіби бағдар беруіміз керек. Бұл – болашақтағы жұмыссыздықтың алдын алудың ең тиімді жолы, – деді Руслан Токтарбайұлы.

Руслан Емелбаев нақты сандармен сөйлеп, жастардың мамандық таңдау үрдісіндегі негізгі мәселелерді қозғағаннан кейін, сөз кезегін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Рекрутинг және мансап бөлімінің басшысы Асқат Мырзабайға берді. Ол университеттің білім беру бағдарламалары, гранттар, қос диплом, академиялық ұтқырлық және студенттік өмір жайында жан-жақты ақпарат берді.

Лаура Алментаева, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы Жасанды интеллект институтының Корей тілі және мәдениет орталығының маманы: Тіл үйренудің қиындығы жоқ



Кейінгі жылдары корей тілі мен мәдениеті – не деген қызығушылық жастар арасында айтарлықтай артты. «К-рор», корей дорамалары, заманауи технологиялар мен дәстүрлердің үйлесімі – мұның бәрі Оңтүстік Кореяны жаһандық мәдени феноменге айналдырды. Бұл құбылыс Қазақстан жастарына да әсер етті: студенттер корей тілін үйреніп, Кореямен академиялық және кәсіби байланыс орнатуға ұмтылуда.

Сондай жастардың бірі – Лаура Алментаева. Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы Жасанды Интеллект институтының Корей тілі және мәдениет орталығының маманы. Корей тілін үйренуге деген қарапайым қызығушылығы оны осындай кәсіби деңгейге жеткізді. Лаура Қонысбекқызымен корей тілін меңгерудегі тәжірибесі, мансаптық жетістіктері мен болашақ жоспарлары жайлы сұхбаттастық.

– Корей тіліне қызығуға не себеп болды?

– Корей тіліне мектеп кезден қызықтым. Алдымен бұл – жай ғана ән тыңдап, дорамалар көрдім, бірақ олардың атмосферасы мені бірден баурап алды. Уақыт өте келе мен корей мәдениеті мен дәстүрлеріне қызығып, осы тілді тек аударма арқылы емес, өзін түсінгім келді. Сол сәттен бастап корей тілі мен үшін тек хобби емес, өмірімнің ажырамас бір бөлігіне айналды.

– Тіл үйренуде алғашқы қадам қалай болды, қайдан үйрене бастадыңыз?

– Көпшілік секілді мен де алдымен корей музыкасын тыңдап, дорамалар көре бастадым. Бұл маған басқа әлемге еніп, көңілімді бөлу әдісі болды. Мектеп бітіргеннен кейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне «Шет тілі: екі шетел тілі» мамандығына түстім. Бастапқыда мен араб тілі тобында болдым, кейін корей тілі тобы бар екенін біліп, сол топқа ауыстым. Пандемия кезінде Каннам университетінің онлайн курстарына қатысып, әліпбиін тереңірек меңгеріп, корей мәдениетіне жақындауға мүмкіндік алдым.

– Корей тілін үйрену барысында қандай қиындықтар болды?

– Шынымды айтсам, аса бір қиындық болмады. Қазақ және корей тілдерінің грамматикалық ұқсастықтары – әсіресе, сөйлем құрылымы мен кейбір дыбыстар тіл үйренуде көмегі болды. Әрине, кейде сөздерді ұмытып қалу секілді кішігірім қиындықтар болады, бірақ бұл – табиғи нәрсе.

– Ағылшын және корей тілдерін меңгерудің қандай артықшылықтарын байқадыңыз?

– Бұл мен үшін нағыз жаңалық болды. Әлемге басқа көзқараспен қарай бастадым.

Жаңа мәдениетпен танысып, түрлі халықтардың дүниетанымын түсіне бастадым. Сонымен қатар тілдік білім кәсіби дамуыма да жол ашты. Бұл – тек мәдениет пен қарым-қатынас емес, сонымен бірге мүмкіндік көзі.

– Корей тілін меңгеру сіздің жеке өміріңізге немесе мансабыңызға қалай әсер етті?

– Бастапқыда бұл мен үшін хобби еді. Бірақ ол бірте-бірте өмірімнің маңызды бөлшегіне айналды. Корей тілі жаңа мүмкіндікке жол ашып, кәсіби байланыс орнады. Кейде мұны тағдыр жолы деп есептеймін.

– Бүгінде жастар Кореяның мәдениетіне қызығады. Себебі неде?

– Кейінгі жылдары Корей мәдениеті, әсіресе К-рор және дорамалар, әлем бойынша танымалдылыққа ие болды. Олар өзінің эмоциясымен, эстетикасымен және ерекшелігімен жастарды баурайды. Маған ерекше ұнайтыны – Кореяның дәстүр мен уақыт талабын шебер ұштастыра білуі.

– «К-рор», «К-drama» сияқты корей толқыны – «Халлю» феномені туралы не ойлайсыз? Ол сіздің тіл үйренуге деген ынтаныңызды арттырды ма?

– Әрине. Мен корей толқынына 2013 жылы қосылдым. Ол кезде INFINITE, EXO және BTS топтары танымал бола бастады. Сол кезең менің қызығушылығымды арттырды. Бұл топтың әлемдік деңгейде мойындалғанын көру үлкен шабыт көзі болды.

– Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетінің филиалы – Жасанды интеллект институтында оқу үшін корей тілін білу міндетті ме?

– Корей тілі міндетті емес, бірақ ағылшын тілі қажет, өйткені көп дәрістер ағылшын тілінде өтеді. Ал егер студент корей тілін білсе, бұл оған артықшылық береді. Біз Сеул-тех университетімен бірлесіп, екі дипломдық бағдарлама ұсынамыз: студенттер Қазақстанда екі жыл, Кореяда екі жыл оқып, халықаралық диплом алады. Бұл – тіл меңгеру мен кәсіби даму үшін үлкен мүмкіндік.

– Жасанды интеллект институтында оқу жастарға қандай мүмкіндіктер береді деп ойлайсыз?

– Мұнда оқу тек білім алумен шектелмейді. Жастар заманауи технологиялармен танысып, халықаралық жобаларға қатыса алады. Сонымен қатар бизнес инкубатор орталығы арқылы стартап ашуға, кеңес алуға және инвесторлармен байланыс орнатуға мүмкіндік бар.

– Корей тілін үйренгісі келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, өзіңізге қызықты нәрседен бастаңыз: дорама көріңіз, музыка тыңдаңыз, комикс оқыңыз. Осылайша тілге деген қызығушылық өзіңінен артады. Содан кейін хангыль мен грамматиканы жүйелі түрде меңгеруге көшіңіз. Ең бастысы, қателіктен қорықпау керек.

– Алдағы жоспарыңыз?

– Мақсатым – корей тілін терең меңгеріп, заманауи әдістермен сабақ беру. Халықаралық жобаларға қатысып, білім алмасу бағдарламалары арқылы тәжірибе жинақтағым келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЮДА

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде халықаралық әріптестік аясында маңызды кездесу өтті. Эскишехир Османгази университетінің Философия және дінтану ғылымдары институтының PhD докторы Эрдоған Боз университетке ресми сапармен келді.



Қонақты университеттің Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнұр Бөрібаева қабылдады. Кездесу барысында қос тарап білім, ғылым және мәдени байланыстарды кеңейту, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту, бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.



Эрдоған Боз университет студенттеріне дәріс оқуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ол қазақ тілі мен мәдениетіне ерекше қызығушылық танытып, осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналыспақ.

Айта кетейік, университетіміз Түркияның бірқатар жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, халықаралық әріптестік аясын кеңейтіп келеді.

Нөмір нақылы:

**Тіл білген
тілегіне жетеді**

ҚАСИЕТТІ СЫР БОЙЫНДАҒЫ «ІЗІ ҚАЛҒАН ТҰЛҒАЛАР»

Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі мәдени майдан», «Қаныш ғылыми майдан» кітаптарын оқып шыққаннан кейін осы мақаланы жазуға отырдым. Қазақтың рухы мен намысын көтеретін керемет шығарма екен. Кітапты оқи отырып көп дүниені білмей келгеніме кәдімгідей қынжылдым. Кітаптан алған әсерімде шек жоқ. Сол әсерлерімді студенттерге, достарыма түгел айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан осындай ұлы тұлғаларымызды насихаттайтын әдеби шығармаларды жастарға оқуға шақырып жүрмін. Жастар қазір оқудан қалып барады, бұл өте қауіпті дүние. Сауатсыздық белең алады деп қорқамын. Әсіресе, мына жасанды интеллект заманында өте қауіпті. Адам оқу арқылы шындалып кемелденетінін ұмытпауымыз керек.

Жоғарыдағы кітаптардың ішінде небір казактын ұлы тұлғалары туралы да айтылады. Негізі бізге уақытында көп дүниені айтпаған екен ғой.

Біздің Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан бері 35 жылға аяқ басты. Осы уақыт аралығында егемен ел ауыз толтырып айтарлықтай елеулі табыстарға қол жеткізді. Елімізде саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістер жасалынып жатыр.

Бірақ та бір өзгені қалып бара жатырған сыңайлы. Өткені көп заман болды ғой.

Ол төл тарихымыздағы зиялы атанған адамдар, халқына қызмет істеген оқымыстыларымыз, интеллигенцияның таңдаулы өкілдері, ұлттық элита қатарында болып келген халқымыздың зиялы өкілдері әлі де болса жас ұрпаққа толық үлгі етіп насихатталмай келеді.

Бұл туралы Манаш ағамыз (академик М.Қ.Қозыбаев) “Біз қазақ зиялыларының жалпы тарихын жазар белеске келіп қалдық. Онда зиялы қауым кім, ол қай заманда жеке тап болып, топ болып қалыптасты, қандай кезеңдерді басынан кешірді, қазақ зиялыларының өркениетке қосқан үлесі қандай? - деген сияқты келелі сауалдарға жауап беруіміз керек - деген.

Бұл жерде ағамыз әлі де болса ақиқатты түсінігіміз толық қалыптасып үлгермеген, шынайы бағасын алмаған өзекті мәселелердің бірі - осы ұлттық интеллигенцияның тарихы туралы айтып отыр.

Расында, Кеңестік кезеңде “қазақ интеллигенциясы” шовинистік шырмаудың кесірінен жалпылай “орыс интеллигенциясының” көлеңкесінде қалып кетті.

Осы Қазақ интеллигенциясының қайнары болған тұлғалар саяси қудалауға ұшырауынан қазақ елі өзіміздің ұлттық мәдени құндылықтарымыздан айрылып қалдық. Осының салдарынан көзі ашық, көкірегі енді оянып келе жатырған жас ұрпақ өзге өркениеттер әсеріне көбірек ұшырап кеттік.

Жырымасыншы ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап орыстық шовинизм, одан кейін Сталиндік режим қазақ зиялыларының, көзі ашық, саналы оқығандарының көбеюіне астыртын қарусыз «саяси» шабуыл жасады. Өз қолымызды өзімізге кестіріп, жолымызды жапты.

Сол кездегі қазақтың зиялы өкілдері мен

өнер иелері шығармаларын өз халқына арнап шығарды, өз жұртын жырлады, туындыларында ұлттың өмірін, көзқарасын, мүддесін білдірді, сөйтіп қазақтың ұлттық санасын оятуыға күш жұмсалған болатын. Ал ол идеялар отаршылдардың көздеген мақсаттарына бүйірден соққандай әсер етті.

Қазақ зиялылары ойлау қабілетін, санасын, ақылын - игілікке, ізгі мақсаттарға жұмсаған көпке пайдалы істерге бағыттаған, ұлттық мәдениетті алға бастырып, руханиятқа өзіндік үлес қосуға қолданған, жаңашыл, жасампаз жандар еді.

Біздің зиялыларымыз рухани өресі кең, ойы терең, халқының даналығын бойына жинақтаған тұлғалар болды. Олар қоршаған ортасына, өзіне де, өзгеге де сыншылдықпен қарайтын, қоғамдық құбылыстарға өзіндік көзқараспен, адамгершілік, имандылық тұрғысынан бағалайтын гуманист. Өз тағдырының халық тағдырымен тығыз байланыстылығын жақсы ұғынған, халық мүддесін бәрінен де жоғары қойып, халықтың жоғын жоқтаушы, қорғанышы, ұлттық мұраттар жолындағы табанды күрескер еді.



Сондай тұлғалардың бірі емес бірегейі десем артық болмас, Садықбек Сапарбеков болатын.

Мұрағаттық мәліметтерде Садықбек Сапарбеков 1902 жылы Жаңақорған ауданындағы Сырдарияның сол жағалауындағы «Балапантөбе» деген жерде дүниеге келген, қазіргі «Байкенже» елді мекені болуы керек. Ол атау жергілікті жерде әлі бар. Әкесі кедей шаруа болған. 1912-1917 Жаңақорғандағы орыс-түзем мектебінде оқыған, қазір бұл мектептің ғимараты аудандық мұражайға айналған.

Садықбек небәрі 17 жасында партияда болып, 18 жасынан мемлекеттік, қоғамдық жұмыстармен айналысқан. 1920-1923 жылдар аралығында Түркістан өлкелік партия комитеті жанындағы партия мектебінің коммунистік жастар одағы бөлімін басқарды, сонымен бірге Алматы, Жетісу облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметтерін қоса

атқарды. Мұндай лауазымды қызметтерді жазау кезкелгеннің қолынан келе бермейтін іс.

Сол жылдары Садықбек көрнекті комсомол қайраткері Ғани Мұратбаевпен бірге зейінді балаларды қамқорлыққа алып тәрбиеледі. Ғани Мұратбаев екеуі Ташкендегі базарда жүрген қазақ балаларын үгіттеп интернатқа жатқызып оқытқан. Кейін солардың ішінен небір атақты ғалымдар мен қоғам қайраткерлері шықты.

Профессор Әуелбек Қоңыратбаев өз естеліктерінде - ел ішінде комсомолдың жұрт таныған екі жетекшісі болды, оның бірі - Ғани, бірі - Садықбек деп бекер айтып отырған жоқ.

Жастардың жалынды жетекшісі болғаны соншалық, барлық Орта Азия мен Қазақстанның комсомол белсенділері ол кезде осы екі тұлғаны идеал тұтып, солардың ықпалында өсті.

Садықбек Сапарбеков сол кездегі қазақ жастары ішінен шыққан, Тимерязев атындағы академияны бітірген алғашқы қазақ азаматы еді.

Қазақәдебиетінің кейінгі жанашырларының бірі, ғалым, Құлбек Ергөбектің Әбділда Тәжібайұлы жайында деректі ғұмырнамалық кітабында Садықбек туралы да мәліметтер бар екен: Ол орысша, қазақша екі тілде бірдей жазатын, уәжді, білімді кісі еді. Сол Садықбек ағам бір күні институтқа келіп тұр: - Әбділда мен сені басшыларыңнан бір жылға сұрап алдым. Қарсақбайға бірге барамыз. Мен ауданды ұйымдастырамын. Отанға мыс береміз. Сен маған аудандық газет шығарып бересің. Қарсақбайдай ауданда газеттің болмауы ұят - деген екен. Мен үндеместен келісіп Садықбек ағамға ілесіп жүре бердім дейді. Қарап отырсақ өндірісті аймақты көтеруге бара жатып, сол өндіріс мәдени-әлеуметтік жағдайына да мән бергендігі не деген көрегендік.

Садықбек жойқын қайраткер еді ғой. Маңдайымызға сыймады. Тірі болғанда ғажап халықшыл қайраткер болатын еді. Атылып кетті - деп қынжылып жазғаны бар.

Қазақстан бойынша қамауға алынғандардың саны 105 мың адамды құраса, оның 25 мыңы ату жазасына ұшырады. Солардың бірі де бірегейі жерлесіміз Садықбек Сапарбеков еді.

Садықбек Сапарбеков 1937 жылы қараша айында, Орал облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тұрған кезінде ұсталып, «халық жауы» деген айыппен қамалды. 1938 жылы Алматы облысының Іле ауданына қарасты «Қарасу» маңындағы «Қандысай» деген жерде атылған екен.

Қазіргі таңда Жаңақорған ауданындағы №125 орта мектепке және бір көшеге Садықбек Сапарбековтың есімі беріліп, ол оқыған мектепке ескерткіш тақта орнатылған.

Елім, жерім деп өз халқының болашағы жолында адал қызмет еткен және сол жолда құрбан болған бабаларымыздың атқарған істері мен ерен еңбектерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып та, жазып та отыру бүгінгі оқыған зиялы қауымның үлкен міндеті деп білемін.

Жастарымыз көзі ашық, көкірегі ояу, кемелденген еліміздің азаматтары болуға ұмтылса екен.

Оразхан АЙДАРОВ,
география ғылымдарының кандидаты

ШЕТЕЛДІК ҒЫЛЫМ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ АБАЙ МҰРАСЫ

Шетелдік ғылыми басылымдардағы Абай мұрасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Абай аманаты» атты мақаласында «... Абайдың ойы мен сөзін күллі әлемдік ауқымда мойындау мәселесін Кеңестер Одағы әлі тарамай тұрып, 1990 жылы халықаралық деңгейде көтерген едік», - деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, аталмыш мақалада «... Абай тойының алдында оның аруағын одан әрі ұлықтау, өмірбаяндық деректерінің көмескі парақтарын қайта жаңғырту, әдеби, философиялық және музыкалық мұрасын тәуелсіздік тұрғысынан тыңнан пайымдау, әлемдік деңгейде кеңінен таныту бағытында іргелі жұмыстар атқарылды», - деген еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында да Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасатындығы айтылып, «... шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек», - деген болатын. Осы айтылған пікірлерге сәйкес Абай мұраларын зерттеулерге арналған өзге тілдердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына назар аударып көрдік.

Зерттеу жұмысы барысында ғалымдар арасында танымал және материалдар іздеуге өте ыңғайлы Scopus мәліметтердің библиографиялық және реферативті базасындағы жарияланымдарға ізденіс жасалды. Мәселен, «Abay» кілт сөзі арқылы әлеуметтік ғалымдар саласы бойынша базадан 9, «Abai» кілт сөзі бойынша 7 материал табылса, «Kunanbayev» кілт сөзі негізінде 7 мәлімет көруге болады. Кілт сөздерде «Kunanbayev»-тің кездесуіне байланысты аталмыш базадан барлығы 19 ғылыми-зерттеу жұмыстарын көруге болады. Бұл индексделген көрсеткіштен Абай мұрасына байланысты зерттеулер аз жүргізіліп жатқандығын, шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың төмендігін байқатады. Сонымен қатар, базада индекстеліп үлгерген зерттеу жұмыстарының авторлары арасында шетелдіктер ғалымдар аз, жарияланған жұмыстардың басым бөлігі отандық ғалымдарға тиесілі.

Ең алғаш индекстелген мақала ретінде Қарағанды педагогикалық колледжі қызметкері ретінде көрсетілген С. Сырымбетовтың мақаласын айтуымызға болады. Ол өз зерттеуінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мен Ресейдің одағы Қазақстанның өндіргіш күштері мен экономикасына ықпал жасап, орыс пен қазақ халқының жақындасуына және достық қарым-қатынас жасауына әсер еткендігі туралы баяндайды. ХІХ ғасырдың 40-60 жылдары Ресейде революциялық-демократиялық қоғамдық қозғалыстар пайда болды және қалыптасты. Бұл қозғалыстардың көрнекті өкілдеріне Герцен, Белинский, Чернышевский және Добролюбов жатады. Сонымен бірге, білім берудегі прогрессивті ой дамыды, оның өкілдеріне ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Н.И. Пирогов, П.Ф. Лесгафт және басқалар болды. Осы мысалдар негізінде автор Абайдың тұлғасына тоқталады.

Ағылшын ғалымы Д. Бриджес (D. Bridges) білім беру саласындағы зерттеулердің эпистемологиясы, этикасы, саясаты мен сапасын қарастыран еңбегінде мәселеге қатысты сыни және рефлексивті талдаулар жүргізеді. Философия мен білім беру саласындағы зерттеулердің өзара байланысы дейкеліліп, бұл зерттеулердің ақиқаты мен нақтылығы туралы пікірталастар қарастырылады. Автор берілген мәселелерді заманауи Египет пен жаңа Зеландияның әлеуметтік мәндестемелері, ХVІІ ғасырдағы Франция, Паскаль және иезуиттер мен яansenиттер арасындағы таластар, ХVІІІ ғасырдағы Италия, Джаббатиста Вико және жаңа ғылым, дәстүрлі Эфиопиядағы «Білім беру сиқыры», Сократ пен Монтенің негізге алған дереккөздермен қатар, Абай туралы да айтылады. Кітап түйіндемесінде автор ақын туралы былай жазған екен: «замана-

уи Қазақстандағы ХІХ ғасырдың «кеңестік» рух-тандырушы философы Абай».

Оңтүстік Кореядағы Ханьян университетінің Азия-Тынық мұхиты ғылыми-зерттеу орталығы шығаратын «Journal of Eurasian Studies» журналының 2018 жылғы арнайы топтамалық бір нөмірі Абай Құнанбайұлының мұрасымен таныстырады. Топтаманың кіріспе сөзінде Наоми Каффи (Naomi Caffee) Абайдың қара сөздері қазақ халқының одан арғы жолын белгілеуге талпынысын білдіретіндігін айтады. Ғалымның пікірінше, Абай еңбектері ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлтшылдығы қозғалыстарын шабыттандырып және ұлттық жазба әдеби дәстүрді қалыптастырды. Сонымен қатар, Кеңестік кезеңде қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің адал күш-жігері арқылы Абай қазақ әдебиетінің негізін қалаушы мәртебесіне көтерілді, оның «Абай жолы» эпикалық өмірбаяндық романы қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы әйгілі және ең ықпалды әдебиет туындысы болып табылатындығын жазды.

Осы арнайы нөмірде жарияланған үш зерттеу жұмысына назарымызды аударсақ. Назарбаев университетінің ғалымы Г. Макгуайр (G. McGuire) өз зерттеуінде М. Әуезовтің алғашқы ғылыми еңбектерінде Абай қазақ жазба әдебиетінің пайда болуындағы трансформациялық тұлға ретінде көрсеткендігін айтады. М. Әуезов романда Абайды тек әдеби жаңашыл тұлға ғана емес, сонымен бірге саяси реформист ретінде танытқандығын баяндайды. Автордың пайымдауынша, М. Әуезов «Абай жолы» арқылы қазақ халқының әдебиеті кеңестік әлемді өз шағымдары мен тілектерін әлеуметтік сын рухымен шабыттандыру арқылы дәлелдеген. Аризона университетінің ғалымы Н. Каффи Абай Құнанбайұлының екі жақты мұрасы бар екендігін айтады: қазіргі қазақ әдебиетінің атасы; сондай-ақ орыс классикасын қазақ тіліне аударған және екі мәдениет арасындағы өмірлік маңызды көпір ретінде әрекет еткен ағартушы. Ал Швецияның Лунд университетінің ғалымы Д.Т. Кудайбергенова болса Абайды қазіргі Қазақстандағы қазақ мәдениетінің тұлғасы ретінде зерттейді.

Түрік ғалымы Х. Касапоглу Ченгел пікірінше, түрік мәдениеті тарихында «ақыл» мен «мораль» ұғымдарының өзара байланысы туралы көптеген мәліметтер бар. «Құтты білікті» сауатты саясат пен ақылдың мысалы ретінде айқындаған автор, осы мәселенің алғашқы дереккөзі саналатынын атап өтеді. Ақыл мен даналыққа негізделген дәстүр «Құтты білікпен» кейін жазылған «Диуани лұғат-ат-түрік», «Атабат-ул-Хакайи», «Диуани хикмет» сынды еңбектерде жалғасын тапты. Автордың пайымдауынша, бұл дәстүрлер Абай Құнанбаевтың қара сөздерінде қайта дүниеге келеді. Абай 38 қара сөзінде былай дейді «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соған қашпақ керек: әуелі - надандық, екіншісі - еріншектік, үшінші - залымдық деп білесің». Сондықтан ғалым Абайдың «надандықты» адамның қадірін төмендететін қасиет деп бағалауын «Құтты білікте» қалыптасқан дәстүрлер мен түсініктердің терең жалғасы деп түсіндіреді.

Бізге Абайдың осы қара сөзіне сүйене отырып, ойымызды жалғастырайық: «Надандық - білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады. Залымдық - адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында демократияның басты жауы ретінде білімсіздік пен популизмді атап көрсетеді. Білімсіздік немесе надандық білімнің кемшілігінен, қараңғылықтан, кемелденбегендіктен, артта қалудан пайда болады. Білімсіздік мәселенің

мәнін білмеуден, елемеуден туындап, адамның ұмтылыстары мен іс-әрекеттерінде көрініс табады. Білімсіздік агрессивті әрекеттерде байқалуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда білімсіздік адамның өз бақытсыздықтары үшін жауапкершілікті мемлекетке жүктеп, мемлекеттің саяси тұрақтылығына зиян келтіреді, адамзаттың барлық жұмыстарының нәтижелерін жояды. Популизм бұқара халыққа жүгінеді және қоғамға өткір әлеуметтік мәселелерді жылдам әрі оңай шешуге уәде береді. Популистер өздерінің мазмұнсыз сөздерін қарапайым адамдардың экономикалық және әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып құрайды. Көптеген популистер өздерін белгілі бір аймақтардың, жекелеген әлеуметтік топтардың қорғашысы ретінде ұсынатындықтан, көзқарастарға ерекше мән берілуі қажет. Осы себептерге байланысты Мемлекет басшысы қоғамда «хайпократияның» белең алуына жол берілмейтіндігіне үміттенеді. Еріншектік бұл еңбекқорлықтың болмауы мен жетіспеушілігін көрсетеді, еңбек әрекетінде бос жұмыс уақытын таңдауды да білдіреді. Әдетте ол кемістік ретінде қарастырылып, еріншектік қоғамның жатып-ішері деп бағаланады. Бірқатар психологиялық эксперименттерде адамның ұжымда қызмет атқарған кезде әлеуметтік еріншектік болатындығы расталады. Көптеген анықтамалықтарда залымдыққа мынадай баға беріледі: адамның сапалық белгісі; сыртқы қайырымдылықпен жанамаланған қулық, айла-амалдар мен әрекеттерге бейімділік; мұндай ниеттермен сипатталатын әрекеттер, мінез-құлық. Залымдық қарым-қатынас кезінде қауіпті және кейін күтпеген жерден пайда болатын жасырын дұшпандық ниеттердің болуын уақыттың анықтауға мүмкіндік бермейді. Демек, залымдық адам жасайтын әрекет.

Ә.Н. Нысанбаев, Г.К. Құрманғалиева және Н.Л. Сейтахметованың зерттеу жұмысында Орта ғасырлық философ Әбу Насыр әл-Фарабидің, қазақ философы және ағартушы Абай Құнанбаевтың әлеуметтік онтологиясы мәселелері арқылы әлеуметтік-саяси мұрасын қайта құру және әлеуметтік онтологияның қазіргі дискурсындағы өзекті тұжырымдарды салыстырмалы философия контекстіндегі мәселелері қарастырылады. Авторлар мына мәселелерге ерекше мән берген: исламның әлеуметтік онтологиясындағы құндылық парадигмасы, оның Орта ғасырлардағы және қазіргі мәдениеттегі түсіндірмелері; әл-Фарабидің әлеуметтік онтологиясындағы әлем және қоғам құрылымы; қоғамдық идеал; Абайдың әлеуметтік онтологиясы және оның құндылық парадигмасы; адамгершілік қоғамдық қатынастардың жалпыға ортақ түрі ретінде.

Ә.Ж. Жапарова, Ж. Дәдебаев және А. Жақсылықовтың зерттеу жұмыстарында Абай Құнанбаевтың метафоралық поэтикасы ХІV-ХІХ ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармаларындағы Абай поэзиясына дейінгі ескіге қатысты жаңа эстетикалық жүйе ретінде талданады. Бұл зерттеуде авторлар Абайдың метафоралар поэтикасындағы жаңашылдықтың мәнін ашады. Абайдың жаңашылдығы ерекше әдеби стратегиямен ойластырылған «Иман» (әдептілік) және «Кемел адам» (мінсіз адам) философиялық жүйесіндегі символдардың, маркерлердің, метафоралардың, поэтикалық бейнелердің, аллегориялардың, эвфемизмдердің кең көлемін тұжырымдаумен және ұлттық менталитет саласындағы әділдіктің, қасиеттіліктің және әлеуметтік белсенділіктің айқындауымен сипатталатындығын айтады. Әр Абай метафорасының функционалдығы оның барлық шығармашылық жұмыстарына енетін терең өнімді Абай тұжырымдамасымен анықталуы керектігін түсіндірді.

Мұрат Насимов,
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Қорқыт ата
атындағы Қызылорда университеті философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының қауымдастырылған профессоры

ҰЛЫЛЫҚ ҰЯЛАҒАН ҰСТАЗ

Қай елде, қай қоғамда болмасын шын мәніндегі зиялы қауым өкілдері – білім мен ғылымның, тәрбие мен тағылымның тізгінін ұстаған ұстаздар қауымы. Сондай асыл азаматтардың бірі – осыдан бір жыл бұрын өмірден өткен тарихшы-ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері Аңсатова Меруерт Нағыметқызы еді.



Ол 1951 жылы Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты «Аралсульфат» кыстағында дүниеге келген. Ата-анадан алған тектілік пен туған жерден дарыған табандылық оны өмірдің қай саласында да биіктен көрінуге жетеледі. Орта мектепті бітіріп, бірден 1967 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны үздік дипломмен 1971 жылы аяқтауы оның өмір бойы ізденіс мен талпынысының бастауы болды.

Меруерт Нағыметқызы үшін ұстаздық жай ғана кәсіп емес, бұл жүрек қалауымен таңдалған өмір жолы еді. Ол алғаш еңбек жолын Аралдағы Т.Шевченко атындағы орта мектепте мұғалім болып бас-тағанымен, көп ұзамай ғылымға бет бұрып, 1973 жылы Абай атындағы педагогикалық институттың аспирантурасына оқуға түсті.

1976 жылдан бастап 2022 жылға дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда

университетінде үздіксіз еңбек етіп келді, жарты ғасырлық ғұмырын білім мен ғылымға арнады. Бірнеше буын ұстаздардың, ғалымдардың, зерттеушілердің қалыптасуына ықпал еткен нағыз зиялы ұстаз атанды.

Ғылыми жұмыспен жүйелі айналысып, 1979 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты атанған. Оның ғылыми зерттеуінің тақырыбы «Қазақстан коммунистік партиясының ұлт саясатын жүзеге асырудағы қызметі» – еліміздің күрделі тарихи кезеңдерін ғылыми тұрғыда түсінуге зор үлес қосқан еңбек.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде жарты ғасырға жуық уақыт абыроймен еңбек еткен Меруерт Нағыметқызы еліміздің білім беру саласындағы көрнекті тұлғалардың бірі болды. Бұл білім саласындағы реформалар мен жаңашыл бағыттардың бел ортасында жүріп, талай шәкірт пен жас маманның жолын ашқанын көрсетеді. Жоғары оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастаған ол уақыт өте келе кафедра меңгерушісі, «Қа-білет» элитарлық мектеп-гимназияның директоры, музыка-педагогикалық факультеттің деканы қызметтерін атқарып, соңғы жылдары Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры ретінде табысты еңбек етті.

Ұстаздық жолында өз ісіне шексіз адалдықпен қарап, жоғары кәсіби біліктілігімен, терең білімділігімен, жаңашыл ойлау қабілетімен ерекшеленді. Ол тек білім беруші ғана емес, сондай-ақ болашақ мамандарды тәрбиелеген дана тәлімгер, рухани жетекші бола білді. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтар мен парасаттылықты сіңіріп, білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етті.

Меруерт Нағыметқызының адами болмысы – мейірімділік, әділеттілік, жауапкершілік және талғамдылық секілді қасиеттердің үйлесімі. Оның педагогикалық және шешендік шеберлігі әріптестері мен шәкірттерінің зор құрметіне бөленіп, көпке үлгі болды. Жас оқытушыларға, студенттер мен магистранттар үшін шынайы бағыт беруші, өмірлік ұстаз болды.

Бүгінде оның есімі сан мыңдаған түлектің жүрегінде сақталған, ғылым мен білімге сіңірген өлшеусіз еңбегі ел есінде.

Ғалымның қаламынан 120-дан астам

ғылыми мақала мен 20-ға жуық әдістемелік құрал туған. Оның «Сыр өңірі тарихы», «Қызыл-орда» энциклопедиялық кітабы, «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасы тәрбиесі» сынды шығармалары – зерттеушілерге бағыт-бағдар боларлық еңбектер.

Ұзақ жылдар бойы түрлі жауапты лауазымдарды атқарған Меруерт Нағыметқызы нағыз көшбасшы еді. Әр кезеңде де жаңашыл идеяларымен ерекшеленіп, тың бастамаларға мұрындық бола білді.

Қоғамдық өмірдің де бел ортасында жүріп әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның алғашқы мүшесі ретінде өзекті мәселелерге үн қосып, нақты істермен айналысты. «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігінің төрайымы ретінде жұмыссыз әйелдер мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жобаларды жүзеге асырды.

Оның жетекшілігімен БҰҰ, АҚШ елшілігі мен ҚР Үкіметі та-рапынан қаржыландырылған бірнеше әлеуметтік жоба жүзеге асып, нақты нәтижесін берді. Бұл жобалардың бәрі қоғамның әлсіз топтарына демеу, болашаққа жол ашу еді.

Көпжылдық еңбегі үшін Меруерт Нағыметқызы «ҚР білім беру ісінің үздігі», «Ы.Алтынсарин» төсбелгілеріне, Президенттің Алғыс хаттарына, Құрмет грамоталарына және мерекелік медальдарға ие болды. Ал 2019 жылы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласының үздік педагогі» атанды.

Ол ғылым мен қоғамға ғана емес, отбасына да тірек бола білген ана. Ұлы Әділет, келіні Индира, немерелері Арнұр мен Әлихан – ұстаз рухының жалғасы.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген дана сөз Меруерт Нағыметқызына арналғандай. Біз мұндай тұлғаларды ардақтап, кейінгі ұрпаққа өнеге етуге тиіспіз.

Ұлттың рухани байлығына қызмет еткен, білім мен тәрбиені ұштастыра білген қайраткер тұлғаның өнегелі өмір жолы – ұстаздық кәсіпті биікке көтерген адалдықтың, табандылықтың және ұлтқа қызмет етудің айқын көрінісі.

Минсара ҚАРАМАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ жаңа белес

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025 жылғы бұйрықтарына сәйкес, еліміздің ғылым саласында еңбек етіп жүрген бірнеше ғалымға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы берілді.

Атап айтқанда:

Нұрғалиев Нұрәлі Шайкысұлтанұлына – 40100 – Ауыл, орман және балық шаруашылығы бағыты бойынша (25 сәуір 2025 ж., №631 бұйрық);

Жүсіпова Ләйлә Ажибайқызына – 10300 – Химия ғылымдары бағыты бойынша (19 мамыр 2025 ж., №744 бұйрық);

Тілеубай Сәрсенкул Шайқамалқызына – 21100 – Компьютерлік ғылымдар және инфор-

матика бағыты бойынша (26 мамыр 2025 ж., №835 бұйрық) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы ресми түрде берілді.

Бұл атақтар – ғылым саласында еңбек етіп жүрген мамандардың кәсіби жетістігіне берілетін мемлекеттік деңгейдегі тану көрсеткіші. Қауымдастырылған профессор атағы жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысатын мамандар үшін маңызды академиялық мәртебе болып табылады.

Ғылыми атаққа қол жеткізу – тек формалдық мәртебе емес, бұл – жауапкершілік пен сенімнің белгісі. Қазіргі таңда ғылым саласы жаңа технологиялар мен жаһандық өзгерістердің ықпалында дамып келеді.

Мұндай кезеңде кәсіби білікті мамандардың ғылым мен білім беру ісіне белсенді араласуы – еліміздің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға негіз болмақ.

Бұл ғалымдар әртүрлі салада еңбек етсе де, олардың ортақ ұмтылысы – отандық ғылымның дамуына үлес қосу, жоғары білім беру сапасын арттыру және жаңа буын зерттеушілерді дайындау. Қауымдастырылған профессор атағы – осы жолдағы ұзақ жылғы еңбектің, табандылықтың және кәсіби өсуге деген ұмтылыстың нәтижесі.

Ғылыми атаққа ие болған әріптестерді шын жүректен құттықтай отырып, алдағы еңбектеріне сәттілік тілейміз!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА ҮЗДІКТЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Кәрімова Республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарымен кездесті. Жиынға Академиялық мәселелер бойынша проректор Дана Абдрашева, Республикалық олимпиадаға қатысқан студенттер мен жетекшілері қатысты.

Кездесудің мақсаты - студенттердің республикалық пәндік олимпиададағы жетістіктерін талқылап, білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар айқындалды.

Айта кетсек, 2022-2023 оқу жылында 23 жүлделі орын, 2023-2024 жылы 25 жүлделі орын алса, ал 2024-2025 оқу жылында Республикалық пәндік олимпиададан 29 жүлделі орын иеленген. Олимпиада қорытындысы бойынша I орынды 4 команда, II орынды 10 команда, III орынды 15 команда қанжығасына байлаған.

Сонымен қатар, алдағы оқу жылында университет базасында «Информатика» және «Графикалық дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша Республикалық пәндік олимпиада, М.У.Ахмет атындағы Аймақтық «Математикалық тартыс» олимпиадасы өткізіледі.



УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІ АНТАЛЬЯДА БАС КОНСУЛМЕН КЕЗДЕСТІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркияның беделді жоғары оқу орындарының бірі – Сельчук университетінде білім алып, оқуларын сәтті аяқтады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттердің шетелдік тәжірибе жинақтауына, білім көкжиегін кеңейтіп, өз саласындағы кәсіби деңгейін арттыруға зор мүмкіндік берді. Түрік еліне барған білім алушылар тек оқу процесіне ғана емес, мәдени алмасу мен достық қарым-қатынас орнатуға да белсене атсалысты.

Бағдарламаны сәтті аяқтаған студенттер оқу сапарының соңында Қазақстан Республикасының Анталья қаласындағы



Бас консулы Қуат Канафеевпен кездесті. Жылы жүздесу барысында студенттер өз әсерлерімен бөлісіп, Қазақстан мен Түркия арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты арттыру жайлы ойлар айтылды. Консул мырза жастардың белсенділігіне оң бағасын беріп, болашақта ел игілігіне еңбек ететін білімді ұрпақ қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

Қорқыт Ата университеті халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларын тұрақты түрде жүзеге асырып келеді. Бұл - студенттерге әлемдік тәжірибені меңгеріп, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуға үлкен мүмкіндік.

УНИВЕРСИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ҚОРҚЫТ АТА ЖАСТАРЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Түркістан қаласында өтіп жатқан XIII Жазғы Универсиадада жоғары нәтижеге қол жеткізіп, университеттің мерейін үстем етті. Елдің әр түкпірінен жиналған 76 жоғары оқу орнынан келген 4000-нан астам студент арасынан озық шығып, таеквондо, дзюдо және карате-до спорт түрлерінен жүлделі орындарға ие болды.

Таеквондо спорт түрінен жарысқа қатысқан Қорқыт Ата университетінің спортшылары 4 күміс пен 6 қола медаль жеңіп алды. Бұл - университет тарихындағы зор жетістіктердің бірі.

Команданың жетекшісі—«Денешынықтыру және бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Еркебұлан Байжанов. Оның жетекшілігімен студенттер тек шеберліктерін ғана емес, сондай-ақ рух-жігерін, спорттық мәдениетін көрсете білді.

Универсиада аясында дзюдо спорт түрінен де жоғары нәтиже тіркелді. Рустам Толысбе-

ков пен Олжас Оразалыұлы — күміс жүлдегер, Зарина Мұрадасыл мен Талшын Қыдырбаева — қола медаль иегері атанды. Спортшылардың дайындық барысын үйлестірген тәжірибелі жаттықтырушы – аға оқытушы Серік Ержанов. Оның бағыт-бағдар беруімен команда үлкен додада өз өнерін сәтті көрсетті.



Карате-до спортынан өткен бәсекеде университет студенттері: Габиден Урынбаев, Бақдәулет Кубаш, Данияр Жарылқасын, Мұхаммедамин Әбзели қола жүлдегер атанып, университет қоржынына тағы 4 медаль салды.

Универсиаданың басты мақсаты – жастар арасында бұқаралық спорты дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және достық пен ынтымақтастықты нығайту. Бұл рухани және дене тәрбиесінің тоғысқан алаңы. Түркістандағы «Түркістан Аренада» өткен байрақты бәсекеде Қорқыт Ата университетінің спортшылары тек шеберліктерін ғана емес, сондай-ақ өз Отанына, оқу орнына деген адалдығын паш етті.

Қорқыт Ата университетінің студенттері XIII Жазғы Универсиадада жеңіске деген ұмтылыстары, қажыр-қайраттары және жаттықтырушылардың еңбегі арқасында лайықты жетістікке жетті. Бұл тек спорттық жеңіс емес, университет ұжымы үшін үлкен рухани серпін.

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №КЗ29VPY00077786 күллігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КАРИМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Г.Д.ЗЕЛІБАЕВА
Түлкерлер қауымдастығының төрайымы

Жауапты редактор:

Азамат
Абиолда

Техникалық редактор:

Асқар
Махашов

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.